

Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 19/123-IV "Жер салығының базалық ставкалары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2010 жылғы 21 желтоқсандағы N 39/248-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда N 14-2-102 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 240 хатымен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2012.12.27 № 240 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасы және Арыс қалалық мәслихатының 2003 жылғы 6 қарашадағы № 2/11-III шешімімен бекітілген жерлерді аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) негізінде қ а л а л ы қ м ә с л и х а т Ш Е Ш Т І :

1. «Жер салығының базалық ставкалары туралы» Арыс қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 19/123-IV (нормативтік құқықтық кесімдерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-2-71 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 16 мамырдағы «Арыс ақиқаты» газетінің № 20 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына және казиноға бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 378, 379, 381, 383 - баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 пайызға жоғарылатылсын».

2. Осы шешім 2011 жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы Т.Садыбаев
Қалалық мәслихат хатшысы Ө. Керімқұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК